

Гранттар беру және олардың іске асырылуына мониторингті жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 413 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 31 желтоқсанда 12764 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2022 жылғы 26 қыркүйектегі № 406 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 26.09.2022 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің м.а. 22.01.2021 № 21 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 12 сәуірдегі Заңының 4-1-бабының 2-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Гранттар беру және олардың іске асырылуына мониторингті жүзеге асыру қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің м.а. 22.01.2021 № 21 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамамен белгіленген тәртіпте мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін электрондық тасымалдағышта елтаңбалы мөрмен куәландырылған қағаз данасын қоса бере отырып, Қазақстан Республикасы нормативті құқықтық актілерінің эталонды бақылау банкіне енгізу үшін елтаңбалы мөрмен куәландырылған қағаз данасын қоса бере отырып осы бұйрыққа қол қоюға уәкілетті тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық түрдегі осы бұйрықтың көшірмелерін жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрі*

А. Мұхамедиұлы

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт
министрінің
2015 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 413 бұйрығымен бекітілген

Гранттар беру және олардың іске асырылуына мониторингті жүзеге асыру қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда – ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің м.а. 22.01.2021 № 21 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Гранттар беру және олардың іске асырылуына мониторингті жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар беру және олардың іске асырылуына мониторингті жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) әлеуметтік бағдарлама – өзара байланысты әлеуметтік жобалар кешені;
- 2) әлеуметтік жоба – әлеуметтік мәні бар салалардағы мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған, бір жыл ішінде және үш жылға дейін іске асырылатын ұйымдастырушылық, экономикалық және техникалық шаралардың жиынтығы;
- 3) грант алушы – тарату процесінде тұрған, дәрменсіз (банкрот) деп танылған, мүлкіне тыйым салынған және (немесе) экономикалық қызметі тоқтатыла тұрған үкіметтік емес ұйымды қоспағанда, ол туралы мәліметтер Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында қамтылған, осы Қағидаларға сәйкес грант алған және оператормен тиісті шарт жасасқан үкіметтік емес ұйым;

4) гранттың тақырыбы – үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттарды беру жоспарына енгізілген әлеуметтік жобаның немесе әлеуметтік бағдарламаның атауы;

5) донор – мемлекеттік емес гранттарды беретін жеке немесе заңды тұлға;

6) жергілікті атқарушы орган – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын алқалық атқарушы орган;

7) қайта конкурс – осы Қағидаларға сәйкес гранттар беру үшін жеңімпазды айқындаудың қайталама процесі;

8) конкурс - осы Қағидаларға сәйкес гранттар беру үшін жеңімпазды айқындау процесі;

9) мүдделер қақтығысы – сараптама комиссиясы мүшесінің жеке мүдделілігі объективті шешім қабылдауға ықпал ете алатын ахуал;

10) мемлекеттік гранттар – мемлекеттік бюджет қаражатынан үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор беретін үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар;

11) мемлекеттік емес гранттар – үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында тіркелген және Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес оператор мен донор арасында жасалған шартта көзделген негіздер мен талаптарға сәйкес бюджеттен тыс қаржыландыру көздерінен үкіметтік емес ұйымдарға арналған оператор беретін гранттар;

12) мониторинг – үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттарды іске асыру туралы ақпаратты жинау, өңдеу және талдау;

13) сараптама комиссиясы – грант алушыларды іріктеу мақсатында өтінімдерді бағалау үшін үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор құратын алқалы орган;

14) сарапшы – "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 5-бабының 1-тармағында көзделген бағыттардың бірі бойынша қажетті кәсіптік білімі бар және осы бағыт бойынша кемінде 5 (бес) жыл жұмыс тәжірибесі бар немесе сараптама жүргізу немесе әлеуметтік бағдарламалар мен жобаларды бағалау жөніндегі комиссияларға қатысу бойынша кемінде 2 (екі) жыл тәжірибесі бар жеке тұлға;

15) сарапшылар тізілімі (бұдан әрі – тізілім) – осы Қағидаларға сәйкес өтінімдерді бағалау үшін осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін адамдар

қатарынан үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор қалыптастыратын гранттар беру бағыттары бойынша сарапшылар тізімі ;

16) үкіметтік емес ұйымның өтінімі (бұдан әрі – өтінім) – осы Қағидалардың талаптарына сәйкес қажетті құжаттар қоса берілетін үкіметтік емес ұйымның өтініші;

17) үкіметтік емес ұйымдарға арналған грант (бұдан әрі – грант) – азаматтық бастамаларды қолдау, азаматтық қоғам институттарының әлеуетін әлеуметтік саланы дамытудың өзекті мәселелерін шешуге тарту мақсаттарында үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператордың үкіметтік емес ұйымдарға беретін қаражаты;

18) үкіметтік емес ұйымдарға арналған мемлекеттік гранттар беру жоспары (бұдан әрі – жоспар) – Заңның 5-бабының 1-тармағында көзделген бағыттар бойынша мақсаттары, міндеттері, іске асыру мерзімдері, бөлінген қаражаттың көлемі және күтілетін нәтижелері көрсетілген мемлекеттік гранттар тақырыптарының тізбесі;

19) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

20) өтініш беруші – осы Қағидаларға сәйкес грант алуға өтінім берген үкіметтік емес ұйым;

21) үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор (бұдан әрі – оператор) – Заңның 1-бабының 7-4 тармағына сәйкес айқындалатын акционерлік қоғам нысанындағы коммерциялық емес ұйым.

2-тарау. Мемлекеттік гранттарды беру және олардың іске асырылуына мониторингті жүзеге асыру тәртібі

3. Мемлекеттік гранттарды оператор Заңның 5-бабының 1-тармағында көзделген бағыттар шеңберінде және уәкілетті органның немесе жергілікті атқарушы органдардың оператормен жасасатын үкіметтік емес ұйымдарға мемлекеттік гранттар беру үшін ақша қаражатын беру туралы шарт негізінде мемлекеттік бюджет қаражатынан береді.

Мемлекеттік гранттар беру мынадай:

- 1) жоспарды бекіту;
- 2) сарапшылар тізілімін қалыптастыру және сараптама комиссияларының құрамын бекіту;
- 3) конкурс өткізу;
- 4) грант алушымен шарт жасасу кезеңдерінен тұрады.

4. Мемлекеттік гранттар беру бекітілген жоспар негізінде конкурс өткізу жолымен жүзеге асырылады:

1) республикалық бюджет қаражатынан – уәкілетті органның жоспары негізінде;

2) жергілікті бюджет қаражатынан – жергілікті атқарушы органның жоспары негізінде.

1-параграф. Жоспарды бекіту тәртібі

5. Жоспар Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының басымдықтары, Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттары, Қазақстан Республикасының Президенті жолдаулары, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың ұсыныстары негізінде қалыптастырылады.

Жоспарды уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы органдар үкіметтік емес ұйымдармен және азаматтармен жария талқыланғаннан және бюджет заңнамасына сәйкес тиісті бюджет бекітілгеннен кейін бекітеді.

Мемлекеттік гранттар тақырыптарын уәкілетті органның және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың интернет-ресурсында жария талқылау мерзімі олар орналастырылған күннен бастап кемінде 10 (он) жұмыс күнін құрайды.

Мемлекеттік гранттар бір қаржы жылынан астам мерзімге берілген кезде іске асыру мерзімдері жоспарда көрсетіледі.

6. Жоспар осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті бюджет бекітілген күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде бекітіледі.

7. Уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы органдар бекітілген жоспарды бекітілген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

8. Жаңа гранттарды қалыптастыру кезінде уәкілетті органның немесе жергілікті атқарушы органдардың қосымша жоспары бекітіледі.

2-параграф. Сарапшылар тізілімін қалыптастыру және сараптама комиссияларының құрамын бекіту тәртібі

9. Оператор өтінімдерді бағалауды жүзеге асыру үшін осы Қағидаларға сәйкес оператор сарапшылар тізілімін жүргізеді.

10. Тізілім алдағы күнтізбелік жылға "Коммерциялық емес ұйымдар туралы" Заңның 41-бабының 5-тармағына сәйкес үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорына енгізілген үкіметтік емес ұйымдар және мемлекеттік органдар ұсынған адамдар қатарынан қалыптастырылады.

11. Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорына енгізілген үкіметтік емес ұйымдар және мемлекеттік органдар жыл сайын 1 желтоқсанға дейінгі мерзімде операторға осы тармақта көзделген құжаттарды қоса бере отырып, тізілімге енгізу үшін тиісті кандидатуралар бар ұсыныстарды жібереді.

Үкіметтік емес ұйымның немесе мемлекеттік органның ұсынысы үкіметтік емес ұйымның немесе мемлекеттік органның бірінші басшысының немесе оны алмастыратын адамның қолтаңбасымен мынадай құжаттарды:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес тізілімге енгізу үшін кандидат туралы мәліметтерді;

2) Заңның 5-бабының 1-тармағында көзделген бір немесе бірнеше бағыт бойынша жұмыс тәжірибесін немесе сараптама жүргізу немесе әлеуметтік бағдарламаларды және (немесе) әлеуметтік жобаларды бағалау жөніндегі комиссияларға қатысу тәжірибесін көрсете отырып, осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес толтырылған сарапшылыққа кандидаттың түйіндемесін;

3) гранттық қаржыландыру бағыты бойынша сарапшының біліктілігін растайтын ұсыным хаттар (бар болса), дипломдардың, сертификаттардың көшірмелерін;

4) жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесін;

5) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес сарапшының дербес деректерін жинауға, өңдеуге, таратуға, оның ішінде жариялауға келісімі туралы өтінішті қоса бере отырып, еркін нысандағы ресми хатпен жіберілуі тиіс.

12. Оператор үкіметтік емес ұйымдар мен мемлекеттік органдардың ұсыныстарын күнтізбелік 20 (жиырма) күннен аспайтын мерзімде қарайды және кандидаттар берген құжаттардың қажетті талаптарға сәйкестігін тексереді.

Мынадай өлшемшарттарға сәйкес келген жағдайда, оператор гранттар бағыты бойынша сарапшыларды тізілімге енгізеді:

1) Заңның 5-бабының 1-тармағында көзделген бір немесе бірнеше бағыт бойынша үкіметтік емес ұйымдарда немесе мемлекеттік қызметте кемінде 5 (бес) жыл жұмыс тәжірибесінің немесе сараптама жүргізу немесе әлеуметтік бағдарламалар мен жобаларды бағалау жөніндегі комиссияларға қатысу бойынша кемінде 2 (екі) жыл тәжірибесінің болуы;

2) Заңның 5-бабының 1-тармағында көзделген гранттар беру бағыттарының бірі бойынша кәсіптік білімінің болуы.

13. Қарау қорытындысы бойынша оператор әрбір ұсынылған кандидатура бойынша жеке қорытынды дайындайды. Қорытындыда кандидаттың белгіленген талаптарға сәйкестігі немесе сәйкес келмейтіндігі туралы түйін көрсетіледі.

14. Тізілімге енгізуден бас тарту туралы қорытындыға оператордың бірінші басшысы қол қояды және мынадай:

1) оператор ұсынылған құжаттарда дұрыс емес ақпаратты анықтаған;

2) кандидат осы Қағидалардың 12-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайларда беріледі.

15. Құжаттардың толық топтамасы ұсынылмаған жағдайда, оператор үкіметтік емес ұйымдардан немесе мемлекеттік органдардан ұсыныстар алғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде қажетті құжаттарды ұсыну туралы сұрау салу жібереді.

Үкіметтік емес ұйымдар немесе мемлекеттік органдар жетіспейтін құжаттарды сұрау салу келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде ұсынады.

16. Құжаттар ұсынылмаған жағдайда, оператор осы Қағидалардың 15-тармағында белгіленген мерзім өткеннен кейін сарапшының кандидатурасын ұсынған үкіметтік емес ұйымға немесе мемлекеттік органға тізілімге енгізуден бас тартуды жібереді.

17. Сарапшыны тізілімнен алып тастау оператордың шешімі бойынша:

1) сарапшының немесе оның кандидатурасын ұсынған үкіметтік емес ұйымның сарапшыларды тізілімінен алып тастау туралы өтініші болған жағдайда ;

2) үкіметтік емес ұйымдардың мемлекеттік грант алуға арналған өтінімдерін бағалау кезінде мүдделер қақтығыстарының болу фактісі расталған жағдайда жүзеге асырылады.

18. Оператор тізілімді қалыптастырғаннан кейін тізілімге енгізілген сарапшылар қатарынан сараптама комиссияларының құрамын қалыптастырады және бекітеді.

Сараптама комиссиялары Заңның 5-бабының 1-тармағында көзделген бағыттар бойынша кездейсоқ әдіспен қалыптастырылады.

19. Оператор жыл сайын 15 қаңтарға дейін ағымдағы күнтізбелік жылға:

1) республикалық бюджет есебінен гранттар беруге арналған өтінімдерді бағалау жөніндегі;

2) жергілікті бюджет қаражаты есебінен гранттар беруге арналған өтінімдерді бағалау жөніндегі сараптама комиссияларының құрамын бекітеді.

Сараптама комиссиясының құрамы Заңның 5-бабының 1-тармағында көзделген әрбір бағыт бойынша кемінде 3 (үш) мүшеден тұрады.

Оператор сараптама комиссияларының құрамдары бекітілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде оларды өзінің интернет-ресурсында, сондай-ақ уәкілетті органның немесе жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында орналастырады.

20. Сараптама комиссиясы өз қызметін күнтізбелік 1 (бір) жыл ішінде жүзеге асырады және жаңа сараптама комиссиясы құрылған кезден бастап өз қызметін тоқтатады.

21. Сараптама комиссиясының төрағасы бірінші отырыста оның мүшелері қатарынан сайланады.

Оператордың бірінші басшысы немесе оны алмастыратын адам сараптама комиссиясының хатшысы болып табылады.

Сараптама комиссиясының хатшысы оның жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, оның мүшесі болып табылмайды және дауыс беруге қатыспайды.

3-параграф. Конкурс өткізу тәртібі

22. Конкурс мынадай кезеңдерден тұрады:

1) оператордың интернет-ресурсында және өзге де көздерде конкурстың басталуы туралы хабарландыру жариялау;

2) әлеуетті өтініш берушілер үшін консультациялар өткізу;

3) оператордың үкіметтік емес ұйымдардан өтінімдер қабылдауы және оператордың осы Қағидалардың 26-тармағына сәйкес өтінімдерді қарауы;

4) конкурстық іріктеуді жүргізу;

5) конкурс қорытындылары бойынша қойылған балдар бойынша түсініктемелер бере отырып, өтінімді бағалау қорытындылары бойынша сараптама комиссиясының қорытындысын ұсына отырып, жеңімпаз болған және жеңімпаз деп танылмаған үкіметтік емес ұйымдарды хабардар ету.

23. Үкіметтік емес ұйымдарға мемлекеттік гранттар беру үшін ақша қаражатын беру туралы жасалған шарттар негізінде оператор осы параграфқа сәйкес қажетті рәсімдердің жүргізілуін қамтамасыз етеді.

24. Оператор уәкілетті органның немесе жергілікті атқарушы органдардың интернет-ресурстарында жоспар орналастырылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өзінің интернет-ресурсында және өзге де көздерде хабарландыруды қазақ және орыс тілдерінде жариялайды.

Оператордың өтінімдерді қабылдау мерзімі 20 (жиырма) жұмыс күнін құрайды.

Хабарландыруда мынадай негізгі мәліметтер:

1) өтінімдерді қабылдаудың басталу және аяқталу күні мен уақыты;

2) конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттардың тізбесі;

3) бекітілген жоспар орналастырылған интернет-ресурсқа сілтеме қамтылады.

25. Уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы органдар жоспарға өзгерістер мен толықтырулар енгізген жағдайда оператор хабарландыруда өзгертілген жоспардың тақырыбын ғана көрсетеді.

26. Конкурсқа қатысу үшін өтініш беруші үкіметтік емес ұйым өтінімдерді қабылдау аяқталған күннен және уақыттан кешіктірмей операторға пошта

байланысы арқылы немесе қолма-қол, немесе веб-портал арқылы қазақ немесе орыс тілдерінде қағаз немесе электрондық жеткізгіште өтінім беру тәсіліне қарай мынадай құжаттарды:

осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысуға арналған өтінішті;

осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш берушінің сауалнамасын;

осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш берушінің әлеуеті туралы мәліметтерді;

осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылатын әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның мазмұнын;

грантты іске асыруға, оның ішінде материалдық-техникалық қамтамасыз етуге арналған болжамды шығыстардың сомаларын көрсете отырып, осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыру жөніндегі шығыстар сметасын (әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарлама сомасына белгіленген 10 (он) пайыздан аспайтын шеңберде). Материалдық-техникалық қамтамасыз ету деп жөндеу мен құрылыстың ағымдағы және күрделі нысандарын, жылжымайтын мүлікті сатып алуды қоспағанда, ұйымды дамытуға бағытталған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу түсініледі;

құрылтай құжаттарының көшірмелері;

ұйымның соңғы есепті күнгі бухгалтерлік балансын;

көрсетілген әріптестердің және (немесе) тартылатын мамандардың ұсынылған әлеуметтік жобаға және (немесе) әлеуметтік бағдарламаға қатысуға келісімін;

өтініш берушінің өзінің қосқан үлесі немесе әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны қаржыландырудың басқа көздері болған кезде растайтын құжаттарды енгізетін өтінімді енгізеді.

Өтінімдер пошта байланысы арқылы және (немесе) қолма-қол енгізілген кезде құжаттар тігіледі, мөрмен (бар болған кезде) және өтініш берушінің бірінші басшысының не оның орынбасарының қолымен бекітіледі.

Гранттың бір тақырыбы бойынша бір үкіметтік емес ұйымның 1 (бірден) астам өтінім беруіне жол берілмейді.

27. Оператор өтінімдерді қабылдау аяқталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде олардың осы Қағидаларда көзделген талаптарға және бекітілген жоспарға сәйкестігін қарайды. Қарау қорытындысы бойынша Оператор қорытынды дайындайды.

28. Оператор мынадай:

өтінім осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмеген;

өтінім бекітілген жоспарға сәйкес келмеген;

Заңның 6-1-бабының 3-тармағына сәйкес Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында өтініш беруші туралы мәліметтер болмаған;

грант тақырыбы Жарғыға сәйкес өтініш берушінің нысанасына, мақсатына және қызмет түрлеріне сәйкес келмеген жағдайда, конкурсқа қатысудан бас тартады және өтініш берушіге тиісті хабарлама жібереді.

29. Оператор конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау аяқталғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде сараптама комиссияларына кіретін сарапшыларға осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш берушілердің тізімін және мүдделер қақтығысының болуы не болмауы туралы хабарлама нысанын жібереді.

Мүдделер қақтығысы болған жағдайда, сараптама комиссиясының мүшесі тізілімнен басқа сарапшымен ауыстырылады және оператор сараптама комиссияның бекітілген құрамына өзгерістер енгізеді.

30. Сараптама комиссиясының отырысы, егер оған сараптама комиссиясы мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, құқықты деп есептеледі.

31. Сараптама комиссиясының отырысы оператордың ресми интернет-ресурсында трансляцияланады.

32. Сараптама комиссиясының отырыстарына қатысуға үкіметтік емес ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының, мемлекеттік органдардың, халықаралық ұйымдардың өкілдері болып табылатын, дауыс беру құқығы жоқ байқаушылар жіберіледі.

Оператор конкурс өткізу туралы хабарландырумен бір уақытта өзінің интернет-ресурсында құжаттарды беру мерзімдерін, сондай-ақ сараптама комиссиясының отырыстары өткізілгенге дейін 1 (бір) жұмыс күні бұрын құжаттар жіберілетін оператордың пошта және электрондық мекенжайларын көрсете отырып, байқаушылар тізімін қалыптастыру бойынша іріктеу жүргізу туралы хабарландыруды орналастырады.

Байқаушы болуға ниет білдірген адам байқаушы ретінде сараптама комиссиясының отырысына қатысу үшін операторға осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша байқаушы ретінде қатысу үшін өтініш береді не электрондық поштасына жібереді.

33. Бекітілген жоспармен көзделген гранттардың бір немесе бірнеше тақырыбына сәйкес келесі негіздемелердің бірі бойынша:

1) грант тақырыбы бойынша конкурсқа қатысуға ұсынылған өтінімдер болмаған;

2) гранттың тақырыбы бойынша конкурсқа қатысуға өтінімдердің бірде-біреуі жіберілмеген;

3) грант тақырыбы бойынша сараптама комиссиясының бағалауына ұсынылған өтінімдердің бірде-біреуі ең жоғары қорытынды балл санының 50 (елу) пайызынан астамын жинамаған кезде конкурс өтпеді деп танылады.

Осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша гранттардың бір немесе бірнеше тақырыптары бойынша конкурсты өтпеді деп тану туралы шешімді оператор қабылдайды және осындай шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оны өзінің интернет-ресурсында жариялайды.

Осы тармақтың 3) тармақшасында көзделген негіздер бойынша гранттардың бір немесе бірнеше тақырыптары бойынша конкурсты өтпеді деп тану туралы шешімді сараптама комиссиясы қабылдайды.

Егер грант тақырыбы бойынша конкурсқа қатысуға бір өтінім ұсынылған жағдайда, ол конкурсқа жіберіледі және оператор оны осы Қағидалардың 27-тармағына сәйкес қарайды.

Егер конкурсқа қатысуға грант тақырыбы бойынша бір өтінім жіберілген болса, оператор мұндай өтінімді осы Қағидалардың 35-тармағына сәйкес сараптамалық бағалауға жібереді.

34. Конкурс гранттардың бір немесе бірнеше тақырыбы бойынша өтпеді деп танылған жағдайда, уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы органдар қажет болған кезде жоспарға өзгерістер мен толықтырулар енгізеді, содан кейін осы Қағидаларға сәйкес қайта конкурс өткізіледі.

Қайта конкурс кезінде оператордың өтінімдерді қабылдау мерзімі:

1) мөлшері айлық есептік көрсеткіштің бес мың еселенген мөлшерінен аспайтын гранттар үшін 10 (он) жұмыс күнін;

2) мөлшері айлық есептік көрсеткіштің бес мың еселенген мөлшерінен асатын гранттар үшін 20 (жиырма) жұмыс күнін құрайды.

35. Өтінімдерді қабылдау рәсімін аяқтау және олардың осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін тексеру қорытындылары бойынша оператор бірегей код бере отырып, конкурсқа қатысуға жіберілген өтінімдерді сараптамалық бағалауға жібереді.

36. Өтінімдерді зерделегеннен кейін сараптама комиссиясының мүшелері оларды осы Қағидаларға 12-қосымшада көрсетілген көрсеткіштерге сәйкес бағалайды.

Әрбір көрсеткіш бойынша балдар қосылады және жалпы балл қойылады.

Әрбір өтінімді кемінде 3 (үш) сарапшы қарайды.

Сараптама комиссиясының мүшелері өз бағаларын түсініктемелерімен береді.

37. Өтінімдерді бағалау жөніндегі сараптама комиссиясының шешімі отырыста қабылданады және оператордан сараптамалық бағалауға өтінімдер

келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде хаттамамен ресімделеді. Сараптама комиссиясының шешімі оператор үшін міндетті болып табылады.

4-параграф. Грант алушымен шарт жасасу тәртібі

38. Оператор сараптама комиссиясы шешім қабылдаған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде әлеуетті грант алушыларды 4 (төрт) жұмыс күні ішінде қол қоюға жататын мемлекеттік грант беру туралы шартқа қол қою қажеттігі туралы хабардар етеді.

39. Мемлекеттік грант беру туралы шартқа аралық және қорытынды есептердің нысандары, мониторинг жүргізу үшін растайтын құжаттарға қойылатын талаптар және өтінім берушілердің өздерінің өтінімдерін бағалау үшін конкурсқа қатысуға ұсынған шарттары енгізіледі.

40. Егер мемлекеттік грант беру туралы шарт әлеуетті грант алушының кінәсінен осы Қағидаларда белгіленген мерзімде жасалмаған жағдайда, сараптама комиссиясы оған мемлекеттік грант беру туралы шешімнің күшін жою туралы шешім қабылдайды.

5-параграф. Мемлекеттік гранттардың іске асырылуына мониторингілеуді жүзеге асыру тәртібі

41. Оператор осы Қағидаларға және мемлекеттік грант беру туралы жасалған шартқа сәйкес мемлекеттік гранттардың іске асырылуына, оның ішінде тәуелсіз сарапшыларды тарта отырып мониторинг жүргізеді.

42. Мемлекеттік гранттардың іске асырылу мониторингін оператор грант алушы ұсынған әлеуметтік жобалардың іске асырылу барысы туралы ақпаратты және олардың іске асырылуы туралы есептерді жинау, өңдеу және талдау арқылы жүзеге асырады.

43. Мемлекеттік гранттарды іске асыру мониторингісінің өлшемшарттары мыналарды:

1) белгіленген мерзімдерге сәйкес жоспарланған мақсаттардың, міндеттердің, іс-шаралардың және күтілетін нәтижелердің уақытылы орындалуын;

2) грант алушының өтінімінде, есептерде және өзге де құжаттарда көрсетілген ақпараттың анықтығы мен толықтығын қамтиды.

44. Әлеуметтік жобаларға мониторингті толық және сапалы жүргізу үшін оператор мынадай құралдарды пайдаланады:

индикаторлар мен күтілетін нәтижелерді талдау;

"құпия сатып алушы" әдісі;

сауалнама жүргізу;

сұхбат;

байқау;
құжаттаманы зерделеу;
әлеуметтік желілердің мониторингі.

45. Гранттық қаражаттың тиімділігін арттыру мақсатында оператор қаржы қаражаты болған жағдайда:

бюджет қаражатын әлеуметтік жобаның мақсаты мен міндеттеріне сәйкес пайдаланбау;

қаржылық және бухгалтерлік есептілікке растайтын құжаттарды мемлекеттік грант беру туралы шарт талаптарына сәйкес толық көлемде ұсынбау;

грант алушының бағдарламалық және қаржылық есептерді жоспарланған мерзімдерді бұза отырып ұсынуы;

жұмыс көлемін жоспарланған мерзімдерді бұза отырып орындау;

мәлімделген индикаторлар мен күтілетін нәтижелерге қол жеткізу бойынша көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік грант беру туралы шарт талаптарына сәйкес толық көлемде орындамау;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің пайымын қамтамасыз етпеу фактілерін белгілеу;

операторға және өзге де мүдделі тараптарға дұрыс емес ақпарат беру фактілерін белгілеу;

грант беру туралы шарт талаптарын жүйелі түрде бұзу сияқты тәуекелдердің болу фактісі анықталған немесе белгіленген жағдайда грант алушының орналасқан жері немесе жобаны іске асыру орны бойынша шығуды жүзеге асырады және (немесе) әлеуметтік жобалардың іске асырылуын мониторингілеу үшін сарапшыларды тарта алады.

46. Мемлекеттік гранттардың іске асырылуына мониторинг жүргізу үшін мемлекеттік гранттарды іске асыру қорытындылары бойынша грант алушылар осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 желтоқсанынан кешіктірмей операторға есеп береді және оны грант алушының интернет-ресурсында орналастырылады.

Грант алушылардың есептерінің қорытындылары бойынша Оператор "Үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператордың өз қызметінің нәтижелері туралы есебінің нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 22 желтоқсандағы № 403 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 12633 болып тіркелген) нысан бойынша мемлекеттік гранттардың іске асырылуы туралы есепті қалыптастырады және бойынша ағымдағы күнтізбелік жылдың 15 желтоқсанынан кешіктірмей уәкілетті органға немесе жергілікті атқарушы органдарға жібереді.

3-тарау. Мемлекеттік емес гранттар беру және олардың іске асырылуына мониторингті жүзеге асыру

47. Мемлекеттік емес гранттар конкурс негізінде донорлардың қаражаты есебінен беріледі.

48. Мемлекеттік емес грант беру жөніндегі конкурстың шарттары Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес оператор мен донор арасында жасалған шартпен (бұдан әрі – шарт) айқындалады.

49. Мемлекеттік емес гранттар беру әлеуметтік саланы дамытудың өзекті мәселелерін шешу бойынша азаматтық бастамаларды ұсынатын әлеуметтік жобаны іріктеуді және бағалауды көздейді.

50. Мемлекеттік емес грантты іске асыру жөніндегі оператор көрсететін қызметтер шарттың талаптарымен айқындалады.

51. Оператордың мемлекеттік емес гранттар беру жөніндегі құқықтары мен міндеттері шарттың талаптарымен айқындалады.

52. Мемлекеттік емес гранттардың іске асырылуына мониторинг шарттың талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Гранттар беру және олардың
іске асырылуына мониторингті
жүзеге асыру қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Үкіметтік емес ұйымдар үшін гранттар берудің ____ жылға арналған жоспары

№	Гранттар тақырыбы	Мақсаты	Міндеттері (негізгі бағыттары)	Жүзеге асырылу мерзімі	Аумақтық қамтылуы	Бөлінген қаражат көлемі(мың теңге)	Іске асырылуынан күтілетін нәтиже
1	2	3	4	5	6	7	8
1							
2							

Гранттар беру және олардың
іске асырылуына мониторингті
жүзеге асыру қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Кімге: "Азаматтық
